



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2023

УДК 657(069)
ББК 65.052.21
С 23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

ISBN 978-601-337-851-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-851-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023

1. Уменьшить резервы, не критичные для предприятия, путем реализации залежалых, ненужных товаров.
2. Оптимизировать порядок складского хранения, с последующим перераспределением высвободившихся площадей для получения доходов.
3. Совершенствовать систему стимулирования дебиторов к погашению долгов, провести мониторинг возврата дебиторской задолженности.

Библиографический список:

4. Официальный сайт АО «ЛОТТЕ РАХАТ», <https://www.rakhat.kz/>
5. Консолидированная финансовая отчетность за 2020 год, https://kase.kz/files/emitters/РАНТ/rahtf6_2020_cons_rus.pdf
6. Официальный сайт Государственного реестра, <https://gosreestr.kz/p/ru/InternalUserLogIn>
7. Официальный сайт Электронного лицензирования РК, <https://elicense.kz/?lang=ru>

КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖҮЙЕСІНДЕ АУДИТТІ ПАЙДАЛАНУ

Нұрлыбек З

«Мемлекеттік аудит» БББ 2 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,

Қазақстан Республикасы

E-mail: nnnulybekova@mail.ru

Ғылыми жетекші Жахметова А.Қ.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері, нарықтық экономиканы қалыптасыруға, ашықтық дәрежесін қамтамасыз етуге көптеген жұмыстар жүгізілді. Экономикамыз қаншалықты өсікеніне орай, көлеңкелі экономикада соншалықты қарқынды дамуда. Сол себепті, осы заңсыз тұстарды анықтау мен олардың алдын алу маңызды болып табылады. Осы жұмыстың мақсаты бейресми салаларды анықтау және онымен күресудің тың идеяларын қалыптасытру болып табылады. Зерттеулер нәтижесіне сүйенсек соңғы жылдары көлеңкелі экономиканың қарқыны төмендеген. Бірақ әлі де болса ЖІӨ-нен айтарлықтай орын алады. Мысалы, 2017 жылы көлеңкелі экономика ЖІӨ-нің 19,2% құраған.

За годы независимости нашей страны была проделана большая работа по формированию рыночной экономики и обеспечению степени открытости. Поскольку наша экономика выросла, теневая экономика развивается очень

быстро. Поэтому важно выявлять эти незаконные мероприятия и предотвращать их. Целью данной работы является выявление неформального сектора и разработка новых идей по борьбе с ним. По результатам исследования темпы теневой экономики в последние годы снизились. Но он по-прежнему занимает значительное место в ВВП. Например, в 2017 году на долю теневой экономики приходилось 19,2% ВВП.

During the years of independence of our country, a lot of work has been done to form a market economy and ensure the degree of openness. Since our economy has grown, the shadow economy is developing very quickly. Therefore, it is important to identify these illegal points and prevent them. The purpose of this work is to identify the informal sector and develop new ideas to combat it. According to the results of the study, the pace of the shadow economy has decreased in recent years. But it still occupies a significant place in GDP. For example, in 2017, the shadow economy accounted for 19.2% of GDP.

Кілт сөздер: көлеңкелі экономика, жалпы ішкі өнім, сыбайлас жемқорлық, сауда айналымы, заңсыз қызметтер, цифрлық таңбалау.

Ключевые слова: тневая экономика, валовой внутренний продукт, коррупция, товарооборот, нелегальные услуги, цифровая маркировка.

Key words: fuel Economy, gross domestic product, corruption, turnover, illegal services, digital marking.

Нарықтық экономиканың қалыптасуы, көлеңкелі экономиканың дамуына қарқынды жол ашты. Бақыланған экономикадан айырмашылығы, ол тіркелмеген және оны тек жанама әдістермен бағалау мүмкін емес. Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономика үлкен дәрежеге ие бола бастанан бері, оны төмендету бойынша тиімді жұмыстарды ұйымдастыру қолға алына бастады. Қазақстандағы қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайында бейресми экономиканы ескерусіз қарастыруға болмайды. Сарапшылардың мәліметтері бойынша оның экономикалық айналымдағы үлесі ЖІӨ-нің 30%-на жетеді.

Экономиканың ажырамас бөлігі болып табылатын «көлеңкелі экономикаға» экономистер келесідей анықтамаларды берген. [1] (1-кесте)

Кесте 1.

Экономиканың беиресми саласына берілген анықтамалар

№	Авторлар	Берілген анықтамалар
1	2	3
1	П.Гутманн	Бүкіл әлемнің қара нарығы ретінде орын алған көлеңкелі экономика – мемлекеттің ережелері мен шектеулерінің негізінде құрылды.
2	Гроссман	Көлеңкелі экономика - жеке қызығушылық мақсатындағы қызмет, қолданыстағы заңнаманы бұзатын қызмет
1	2	3

3	Э. де Сото	Көлеңкелі экономиканың генезисін ашуда мүлдем жаңа бағыт әкелген ғалым. 1989 жылы жарыққа шығарған «Басқа жол» атты монографиясында экономиканың «формальды емес секторы» – тіркелмеген қарапайым тауар өндірісі туралы тың теорияны ұсынды.
4	Д.Мид, К.Морриссон	«Формальды емес» сала түсінігінің мәнін келесідей үш критерий байланыстырады. Олар: заңдылық, кәсіпорынның көлемі және өндірістің капитал сыйымдылығы.
5	М.Спанов	Салық салынбайтын және жалпы ішкі өнімде есептелінбейтін, заңсыз шаруашылық-экономикалық қызмет – көлеңкелі экономиканы сипаттайды.
6	Ю.В.Латов, С.Н.Ковалев	Көлеңкелі экономика – мемлекеттік есеп пен бақылаудан тыс дамып жатқан шаруашылық қызмет, сондықтан да ресми статистикада көрсетілмейді.
Ескерту: [1] әдебиет негізінде автормен құрастырылған		


«Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту және «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы қаулы жобасы бекітілген. Жобаны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі әзірледі. Жобаны іске асыру республикалық бюджеттен ақша қаражатын бөлуді талап етпейді және елдегі көлеңкелі экономика деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. Жобаны қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарларға әкеп соқтырмайды. Бұл жобаны іске асырудың негізі мақсаты Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының маңыздылығын арттыру болып табылады.

Кесте 2

ҚР 2010-2017жж. ЖІӨ-нен көлеңкелі экономиканың үлесі


Жылдар	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017
ЖІӨ-нен алатын пайыз мөлшері	20,1	19,8	19,8	28,0	28,0	27,5	25,8	19,2
Ескерту: [2] әдебиет негізінде автормен құрастырылған								

Ресми мәліметтерге сүйенсек 2016 жылы көлеңкелі экономика ЖІӨ-нің 25,8% құраған. Ал 2015 жылы 27,5% құраса, 2013 жылы 28% көрсеткен.[2] (2-кесте)



Сурет 1. ҚР-дағы көлеңкелі экономиканың пайыздық мөлшерлері

Көлеңкелі экономикаға қарсы күресте Қаржылық мониторинг агенттігі жүргізген іс-шаралар аясында келесідей заң бұзушылықтар анықталынды. Атап айтқанда, Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті жалған бухгалтерлік құжаттарды жазып беру фактісі бойынша «**АйДи Строй 2030**» ЖШС директорына қатысты қылмыстық істі анықтады. Тергеу барысында **анықталғандай қызметкер** 2017-2018 жылдар аралығында Серіктестіктің атынан түрлі компаниялармен жалған мәмілелер ресімдегені белгілі болды. Нәтижесінде мемлекетке төленбеген салықтар түрінде **900 МИЛЛИОН** теңгеден астам сомаға залал келтірілді. [3]



Сурет 2. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру бағыттары

Көлеңкелі экономикада ең көп мөлшер салықтық қылмыстарға тиесілі. Салықтық қылмыстар, бұл жалған шот-фактураларды жазып беру, салықтар мен кедендік төлемдерді төлеуден жалтару, экономикалық контрабанда сипатында болуы мүмкін. Дүниежүзілік банк Pricewaterhouse Coopers халықаралық қаржы корпорациясымен бірлесіп жүргізген Paying Taxes 2020 зерттеуіне сәйкес,


Қазақстан салықтық түсімдер мен салық жинау тәсілдері бойынша әлемнің 190 елінің арасында 64-орынды иеленді. [4]

Жалған шот-фактураларды жазып беру салық төлеуден жалтарудың негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Бұдан басқа, ұрланған бюджет қаражаты «қолма-қол ақша» компаниялары арқылы көлеңкелі айналымға шығарылады. Бұл қылмыстар көбінесе мемлекетке үлкен зиян келтіре отырып, ұйымдасқан қылмыстық топтар құрамында жасалынады. Экономикалық контрабанда мемлекеттің экономикалық мүдделеріне елеулі залал келтіреді, бюджетке кедендік төлемдердің айтарлықтай мөлшері түспейді. Бұл сомалар заңсыз түрде үлкен пайда алып келеді, ол кейіннен бизнесті ұйымдастыру және кеңейту, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алу арқылы заңдастырылады.

Бюджет түсімдерінің номиналды өсуіне қарамастан, олардың ЖІӨ-ге қатысты төмендеуі байқалады, бұл экономика мен салық түсімдерінің өсу көрсеткіштерінің келісілмегендігін көрсетеді. Бұл салықтық әкімшілендірудің жеткіліксіздігінің және көлеңкелі сектордың елеулі болуының салдары болып табылады.

Экономикалық қылмыстардың алдын алып, оларды тежеу мақсатында «Есеп комитеті- адалдық алаңы» жобасын іске асырды. Бұл жобаның жүзеге асырылуына, мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауы негіз болып табылады. [5]

Жобаның мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оны жалпыға бірдей қабылдамау ахуалын қалыптастыру, Жоғарғы Аудиторлық палатаның (бұрынғы – Есеп комитеті) Қызметіне азаматтардың сенімін арттыру болып табылады.



Сурет 3. Көлеңкелі экономиканың негізгі себептері

3-суретте көлеңкелі экономиканың пайда болуының себептеріне экономика дамуының және халықтың әл-ауқатының төмен деңгейі, кірісті мемлекет пен қалған экономика арасында регламенттейтін заңнаманың жетілмеуі, бизнесті ашу және жүргізу рәсімдерінің реттелуі, жасырын экономиканы бағалау әдістесінің және осы проблема бойынша мемлекеттік

органдар арасындағы ақпарат алмасудың жетілмеуі, әкімшілендіру және экономикалық қылмыстарға қарсы күрес органдарының материалдық-техникалық базасының жеткілікті дамымауы, қолма-қол есеп айырысу нысанының басым болуы жіне төлем карточкаларын қабылдау жүйесі дамуының әлсіз деңгейі жатады. [6]



Сурет 4. Заңсыз әрекеттердің пайда болуын тудыратын негізгі факторлары.

Көлеңкелі экономика-қазіргі таңдағы өзекті, көзге көрінбейтін экономиканың бір саласы болып табылады. Қанша жерден көлеңкелі болғанымен экономикада өзіндік орнын бар. Кеше де, бүгін де болған бұл заң бұзушылықтар әлі де орын алуда. Және көп жағдайда ол өз көлеңкелігін сақтап қалады. Заңсыздықтарды анықтау, жазалау және алдын алу шаралары жүргізілуі тиіс. Осы орайда, мәселені шешу мақсатындағы менің басты ұсынысым – квазимемлекеттік секторлардан бөлек, жалпыға бірдей аудитті енгізу, аудит жүргізудің негізгі қағидаларын сақтай отырып, қоғамда аудитке деген жауапкершілік түсінігін қалыптасытыру.

Қазіргі біздің экономиканы көтерудің бірден бір жолы осы заңсыз экономикамен күресу болып табылады. Бейресми әрекеттермен күресу, таралу масштабына сәйкес өте қиын. Көлеңкелі экономикамен күресте икемді салық жүйесін жасау, шағын бизнеске, шаруа қожалықтарына мемлекет тарапынан қолдау көрсету аздық етеді. Көптеген елдердің тәжірибесіне сүйенсек, қоғамда қаржылық сауаттылық болмаған жағдайда, мемлекеттің жасаған іс-шаралары пайдасыз болып табылады. Қоғамда уақытылы салық төлеуге, бизнесті заңдаструға деген және т.б. түсініктер болғанда көлеңкелі экономика деңгейі әлде қайда төмен болармеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1) Уикипедия. [Электронды ресурс]. URL: <http://wikipedia.org>
[Көлеңкелі экономика — Уикипедия \(wikipedia.org\)](http://wikipedia.org)

2) Айгүл Хожантаева Қазақстанда көлеңкелі экономика 26 пайызды құрады//AIP.KZ Электронды сервиске арналған Ұлттық портал. – 2017. - [Электронды ресурс]. URL:<http://mail.kz>

3) «Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі» сайты [Электронды ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/afm/press/news/details/287406?lang=kk>

4) «Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі» сайты[Электронды ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/afm/documents/details/209651?lang=kk>

5) «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Аудиторлық палатасы» ресми сайты [Электронды ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/eseq/documents/details/158481?lang=kk>

6) Көлеңкелі экономика, түрлері және пайда болуы, қызмет ету механизмі// Интернет ресурсында жарық көрген мақала. [Көлеңкелі экономика, түрлері және пайда болуы, қызмет ету механизмі \(dereksiz.org\)](http://dereksiz.org)

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ-НЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРІНІҢ АУДИТІ

Серікқали С.М., Серикова М.А.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аннотация. Бұл жұмыста «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ–ның айналымнан тыс активтері, оның ішінде негізгі құралдар мен материалдық емес активтер сипатталады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ–ның жылдық қаржылық есептілігіне сүйене отырып «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның айналымнан тыс активтерінің өзгеруінің себептеріне аудит жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның ұзақ мерзімді активтерді басқару мен есептен шығару бойынша ұсыныс келтірілді.

Түйін сөздер: айналымнан тыс активтер динамикасы, қаржылық есептілік, негізгі құралдар, материалдық емес активтер, аудит.

Аннотация. В данной работе описываются внеоборотные активы АО НК «КазМунайГаз», а точнее их основных средств и нематериальных активов. На основании годовой бухгалтерской отчетности было проведена проверка причин изменения внеоборотных активов АО «КазМунайГаз». По его заключению внесено предложение об управлении и списании долгосрочных активов акционерного общества «КазМунайГаз».

Ключевые слова: динамика внеоборотных активов, финансовая отчетность, основные средства, нематериальные активы, аудит.